

Тағзым

САҒЫНЫШ СЕЗІМІ

Сынаптай сырғып, желдей есіп айлар мен күндер бір тоқтамай өтіп жатыр. Фархат бауырымның фәни жалған дүниеден мәңгілік мекеніне жайғасқанына да 5 жылдың жүзі болды.

Өмір өзен, тоқтаусыз аға береді. Дүниедегі тіршілік тынысы да бет алған бағытынан бұлтартпай жолындағы тосқауылдарға тоқтамай алға қарай жылжи береді. Адамның басына түсетін ауыртпашылықтар мен тағдыр тауқыметтеріне қай-қайсымыз болсақта тап басып, болдырмауға дәрменсізбіз.

2019 жылдың 20 наурыз күні түс ауа төбемнен жәй түскендей Жұмке әулетінің менен кейінгі үлкені Фархат бауырымнан қас бен көздің арасында қоштаса да алмай айырылып, барша жан-дүнием терең шыңырау түбіне түскендей болдым. Жыладық, қайғырдық, күйзелдік, бірақ та қайтқан адам қайта келмес дегендей, пенделер-біздер жаратушының ұйғаруына көнбестен басқа амал қалмады.

Фархат інім бұл жарық дүниеде 54 жылға жуық, қамшының сабындай ғана өмір кешті. Ол Серікбай аға мен Тілеужан жеңгемнің отбасының екінші баласы еді. Фархатты үлкен ағайым Серік пен жеңгем Айтбала 1,5 жаста бауырларына салып, өсіріп, ержеткізіп, білім бергізіп, тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай, қатарынан қалдырмай отауын құрғызып, оның қызықтарына қуанып мез-мәйрам болған еді.

Фархаттың әкесі Серікбай туралы оның келте өмір жолы мен, халыққа жасаған ерен еңбектерін жұртшылық жақсы біледі. Ол жөнінде қызымыз Светлананың бастауымен жазылған «Парасат парызы» атты естелік кітабында айтылған. Әкеге арнап 2014 жылы арнайы ас берілген.

Фархаттың өмірлік әкесі Серік, анасы Айтбала (Айтан) да туған-туыстар мен құда-жекжаттары, дос-жарандарымыз етене жақсы біледі. Екеуі де қапылыста жол апатынан дүниеден өткен.

Осылайша, Фархат бауырым менің екі ағайымның көзі мен ізі еді. Олай дейтінім Фархат осы қысқа өмірінде екі ағамды жоқтатпай, аттарына кір келтірмей, өмірдің қатаң сынақтарынан сүрінбей, алдына асқаралы мақсаттар қойып, ерінбей еңбек етіп, өмірге ұрпақ әкеліп, еңселі орда көтеріп, үлгілі отбасы болып, туған-туысқандары мен дос-жарандарының, көпшіліктің ортасында сый, құрметіне ие бола алды.

Фархат 1988 жылы ауданның айтулы отбасының



бірі Абдығалиев Төлеубай мен Мұсақызы Қадишаның жақсы көретін қызы Жаңагүлмен отау құрды. Олар өмірге 3 перзент әкеліп, үлкені Жанат пен келіні Әселдің Ерсұлтан мен Айшаның тәй-тәй басып, ержетіп, үлкенінің «сүндет», кішісінің «тұсаукесер» тойларын өткізіп, олардың қуаныштарын қызықтап, немерелеріне ыстық махаббатын жылы лебізін мейілінше мол беріп, арқа-жарқа өмір кешіп отырған шағында, ажал бет қаратпай Фархатты мезгілсіз арамыздан алып кеткеніне қайғырдықта, қамықтықта. Әттең не керек, қолдан келетін дәрмен жоқ. «Көңіл қайғысыз, өмір ажалсыз болмас»-дегенге көнбестен басқа амал болмады.

Фархат еңбек жолын Армия қатарынан азаматтық борышын атқарып келгеннен кейін қатардағы жұмысшыдан бастап, біраз жылдар аудандық мәдениет үйінде әдіскер болып, әрі қарай аудандық кәсіптік-техникалық №11 училищеде жалғастырды. Осы мекемеде әкесі Серік ұзақ жылдар бойы бас есепші қызметін атқарған. «Ата сөзі парыз, ана сүті қарыз» - деген даналыққа сай Фархаттың адами болмысы, азаматтық келбеті мен қасиеттері осы ұжымда әке тәрбиесінің төнірегінде қалыптасты. Шет агротехникалық колледжі «КММ» ұжымында Фархат 30 жылдан астам абыройлы қызмет атқарды. Соңғы қызметі колледждің өндірістік оқыту шебері.

Еңбектен қол үзбей 1995 жылы Петропавл қаласындағы индустриялды педагогикалық техникумын тамамдап, ауыл шаруашылығын механикаландыру саласының техник-механик, өндірістік оқыту шебері мамандығын алды. Әрі қарай Фархат 2004 жылы Жезқазған қаласындағы Алматының Қазақ жол қатынастар университетіне түсіп, оны 2007 жылы сырттай бітіріп, осы саланың инженер-механик мамандығын игерді.

Фархаттың үлкені Жанат қазіргі кезде Шет агротехникалық колледжі директорының орынбасары, өз мамандығының білгірі. Жұмысқа өте тиянақты және алдына қойған міндеттері мен мақсаттарын орындауға күш-жігері жеткілікті.

Келешекте үлкен табыстарға, биік белестерге шығады деген үміттемін. Әйгерім атты қызы Астана қаласында, қаржы саласының білікті маманы. Кенжесі-Марат ішкі істер мекемесінде қызмет істейді. Бауыржанқызы Назеркемен отбасын құрып, өмірге Дария атты немере әкеліп, әулетін қуанышқа бөледі.

Болашақта өкениң айбарын өсіріп, байрағын биіктететін арттағы ұрпақтары ұлдары мен қыздары- Жанат, Әйгерім, Марат-сендерсіндер.

«Тас түскен жеріне ауыр»-дейді ғой. Олай болса ең ауыртпашылықты асқар таудай отбасының иесі Фархаттың қазасы алдымен сендерге, Жаңагүлге түсті. Сендер бүгінде ауыртпашылықты өздеріңнің күш-жігерлеріңмен көтеріп келесіндер. Аллаһ сендерге сабырлық, қажырлық берсін.

Тірі адам тіршілігін жасай береді. Басымыздан кешкен қайғы мен ауыртпашылықты көтере білу адамның ішкі жан дүниесінде көзге көрінбейтін ауыр сезім секілді. Уақыт өте бұл сезім сағынышқа айналатынын байқадым. Жүрегінде, жан дүниеде өмірден өткен әке-ананың, аға-қарындасының, бауырларыңның, баланың асыл бейнелері мен мейірімге толы шуақты жүздері еш уақытта өшпейді, өзіңмен бірге жасай береді екен. Басыңнан кешкен ауыртпашылықты көтере білу олда бір адамның болмысына берген Алланың күш-қуаты шығар. «Орнында бар оңалар» дегендей, Фархаттың шаңырағын шайқалтпай босаға қазығы болып отырған Жаңагүл келініме Фархат көрмей кеткен өмірдің жақсылығы мен қуаныштарын бала-шаға, немерелерінің арасында арқалы-жарқалы ұзақ ғұмыр кешуіне Аллаһтан тілеймін.

Фархаттың өмірден озғанына 5 жыл толуына арналған ас, оқылатын құран қабыл болсын!

Бауырым Фархат жатқан мекенің жайлы, топырағың торқа, орның пейіште болғай!

Әкен: **Боранбай ЖҰМКЕҰЛЫ.**

Еске алу

Айрандай ұйып отырған әулеттің ақылшысы, қамқоры, тілекшісі әрі әке орнына әке болған асыл ана **Нұрсұлу ҚИНАЯТҚЫЗЫ** дүниеден озды. Аспан айналып жерге түскендей, биік шынар ағаш құлағандай, балалары қатты баз кешіп, қиналды. Иә, бұл да тағдыр ісі...

Айналайындар, сабыр - Алланың досы. «Жаксы Құдайға да керек» дейді халық. Бар қажыр-қайратын, денсаулығын сарп етіп, күн-түн демей ауыл халқына аса ыждаһатпен қызмет көрсетіп, дерттеріне шипа беріп, сүйікті кәсібіне адал да абыройлы болған аналарының еңбегі де, аты да ел жүрегінде. Нілді (Өспен) ауылындағы елмен бірге мен де Нұрсұлу дәрігердің шапағатын көп көрген жанмын. Қан қысымым көтеріліп, жүрегім әлсіреп қатты ауырсам, Нұрсұлу Қинаятқызы қасымнан табылатын. Барлық ем-шараны қолданып, дертке шипа беретін. Ауыл дәрігері бола тұра заманауи медицина жаңалықтарын меңгеруге тырысатын әмбебап маман, өз ісіне аса жауапты адам еді. Ол науқасты тек дәрімен ғана емес, мейірім, сенім терапиясымен емдейтін. Науқастың жазылам деген позитивті сенімін, үмітін оятып, тамаша көңіл күй сыйлайтын.

Ардақты ана, аяулы жар, мықты маман Нұрсұлу Қинаятқызының жаны жәннатта, тәні рахатта, иманы жолдас болсын!

Рахат ОМАРҚЫЗЫ,
ҚР Білім беру ісінің үздігі.



Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ailin Group» ЖШС «РФ шекарасы (Екатеринбургке)-Алматы Учаскесі КМ 1752-1807» автожолының «Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізін қайта құру мақсатында Қарағанды облысының Шет ауданында орналасқан Дәнекер кен орнының (№4 топырақ қарьері) шөгінді жыныстарын (құмды-қиыршық тасты топырақ) өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінім беру материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтері (РЕШН), Өндірістік қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы (ӨҚОББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары (ҚОҚШЖ)).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал к. а. Ақжал к.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47°44'52.00"N, 74°01'32.00"E. Учаскенің географиялық координаттары: 1. 47°38'39.75"N, 74°21'37.19"E. 2. 47°38'25.49"N, 74°21'37.19"E. 3. 47°38'25.49"N, 74°21'26.84"E. 4. 47°38'39.75"N, 74°21'26.84"E.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 08 сәуірде сағат 11:00-де мекенжайы бойынша өтеді Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал к. а. Ақжал к. Абай көш. 3 (Мәдениет Үйі).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpZM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7Znu.1>. Конференция идентификаторы: 751 184 5863. Кіру коды: E22qaC.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Ailin Group» ЖШС, ҚР, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ. 59/1, 33 кеңсе. БСН: 140940019398. Директоры: Досалы А. А. Байланыстар: тел. 8 (702) 378-64-63, 8 (776) 502-44-45, e-mail: tooailingroup@mail.ru.

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көш. 14Б. БСН: 150640024474. Әкімі: Матвеева ОВ. Байланыстар: тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecoportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (778) 516-00-85 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: expertizaupr_krg@mail.ru және Қарағанды қ., Лобода к. 20. Байланыстар: 8 (7212) 56-81-66.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Ailin Group» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ по добыче осадочных пород (песчано-цементный грунт) месторождения Дәнекер (грунтовой карьер №4), расположенного в Шетском районе Карагандинской области в целях реконструкции коридора Центр-Юг «Астана-Караганда-Балқаш-Алматы» автодороги «Граница РФ (на Екатеринбург)-Алматы Участок КМ 1752-1807» (Раздел «Охрана окружающей среды» (РООС), Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохран-ных мероприятий (ППО)).

Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, Аюкалская п.а. п. Аюкал.

Географические координаты территории воздействия: 47°44'52.00"N, 74°01'32.00"E. Географические координаты участка: 1. 47°38'39.75"N, 74°21'37.19"E. 2. 47°38'25.49"N, 74°21'37.19"E. 3. 47°38'25.49"N, 74°21'26.84"E. 4. 47°38'39.75"N, 74°21'26.84"E.

Общественные слушания состоятся: 08 апреля 2024 года в 11:00 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Аюкалская п.а. п. Аюкал, ул. Абая, 3 (Дом Культуры).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpZM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7Znu.1>. Идентификатор конференции: 751 184 5863. Код доступа: E22qaC.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ailin Group», РК, г. Астана, пр. Кабанбай батыра 59/1, офис 33. БИН: 140940019398. Директор: Досалы А.А. Контакты: тел. 8 (702) 378-64-63, 8 (776) 502-44-45, e-mail: tooailingroup@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», РК, Карагандинская область, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Матвеева ОВ. Контакты: тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecoportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertizaupr_krg@mail.ru и г. Караганда, ул. Лободы, 20. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.